

Отарбаева А.К.,* Момбай Г.Ә.
Магистр, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
Студент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
ҰЛАҒАТТЫ ҰЛЫ ТҰЛҒА

Автор корреспондент: azha.78@mail.ru


Түйін: Тәңірберген Отарбаев ақын және ұлағатты ұстаз болған тұлға. Тәңірберген Отарбаевтің қазақ халқы үшін жасаған еңбектері ұшан теңіз. 1917-1920 жылдар аралығында уездік халық ағарту орындарында жұмыс істеп, ауылды советтендіру, Бержар мен Бадам бойында, Шымкент төңірегіндегі ірі елді мекендерде жаңа мектептер ашып халықты сауаттандыру жолындағы күрестің алдыңғы шебінде болған жан. Тәңірберген Отарбаев 1920-1923 жылдары уездік Қосшы Одағы комитетінің уәкілі болып көптеген болыстарда батырақтар одағын құрып, партия ұяларын ұйымдастыруға мықты көмек көрсеткен адал азамат. Сонымен қатар Шымкентте мектеп меңгерушісі, балалар үйінің директоры болыпта үлкен қызметтер атқарған. Тәңірберген Отарбаев ұстаз ғана емес, сонымен қатар өз тірлігіне өте адал жан, сонымен қатар ақын және көркем әдебиет зерттеуші болған. Тәңірберген Отарбаев жазған өлең, әңгіме, очерктерді сол уақыттағы ел тынысын танытатын тарихи құжат десе де болады. Тәңірберген Отарбаев өлеңдері Түркістан Совет республикасы кезінде Ташкенттен шығатын «Шолпан», «Сана», «Терме», журналдары мен «Ақжол» газетінде өлең-жырлары жиі басылатын. Тәңірберген Отарбаев сонымен қатар ұлы тұлғаларды тәрбиелеп шыққан ұлы тұлғалы ұстаз.

Кілттік сөздер: Болыс, Коммунист, Қосшы Одағы, Комитет, Уезд, Советтендіру, Партия, Ағартушы, Ақын, Одақ, Уәкіл, НКВД

Кіріспе:

Тәңірберген Отарбаев 1893 жылдың қаңтарында Шымкент қаласы, Қатынкөпір ауылында, он саусағынан өнер тамған Отарбай ұстаның шаңырағында дүниеге келген. Тәңірберген Отарбаев медресе оқыған кездері ол шығыс, қазақ әдебиеті бұлағынан еркін сусындай Әкесі Тәңірбергенді сол кездегі беделі жоғары Кенжеқожаның медресесіне оқуға береді. Әсіресе ауыз әдебиетімен, жыраулар шығармаларымен, Абай, Сұлтанмахмұт сынды халқымыздың біртуар тұлғаларының еңбектерімен терең танысады. Сонымен қатар бұл жерден орыс тілін жете үйреніп, қала кітапханаларынан әлем, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын алып оқиды. Оны әсіресе Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың шығармалары баурап алатын. Осылайша бойына мол рухани байлық жинаған. Және өмір жолында Тәңірберген Отарбаевтің қазақ елі үшін жасаған ерліктері өте көп екенін ерекше айта аламын. Тәңірберген Отарбаев ақын, ағартушы, ұстаз, көркем әдебиет зерттеушісі, сонымен қатар Абайтанушы кісі болған. Тәңірберген Отарбаевтың өзгеше бітім бейнесін шәкірті Бауыржан Момышұлының жазушы Мамытбек Қалдыбайға айтып берген "Ұшқан ұяға адал болайық" естелігінде былай суреттелген екен: "...Ұзын бойлы, келбетті келген, сабырлы, өте ақылды кісі еді". Ал ұстаздық шеберлігін шәкірттік алғау сезіммен қалай жеткізген. "...Ол кісі сабақ бергенде біз рахаттанып отырып тыңдаушы едік". Демек шәкірттерінің бар ынта-ықыласын өзіне, пәнге, тақырыпқа аудара білген, өзіндік оқыту тәсілі бар нағыз ұстаз екені анық. "...Қазір жасым жетпіске келгенде байқасам ол кісі шынында әдебиет зерттеушісі екен, шынында ақын екен" деген сөздерінде байқасам Тәңірберген Отарбаевтің қандай азамат болғанын жете түсінемін. Өмірінің соңына дейін ұстазын есінен шығармапты. Тәңірберген Отарбаевтың өз ісіне жан-тәнімен берілген мұғалім ғана емес, көркем әдебиеттің зерттеушісі әрі ақын болғанында ерекше айта аламыз. Менің байқауымша, ол кісі орысшаны жақсы білетін жан болуы керек. Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан аударған өлеңдерін айта аламын. Сонымен қатар Тәңірберген Отарбаев ұстаздық жолының арқасында қазақ ауылдарының арасында халықтың сауатын ашуы үшін тайсалмай еңбек еткен азаматтардың бірі болды.

Сурет 1.



Теориялық талдау бөлімі

Болыс, Коммунист, Қосшы Одағы, Уезд, Партия, Ағартушылық, НКВД

Болыс- Әкімшілік –аумақтық басқар бөлік, сондау-ақ осы бөлікті басқарушы лауазымды қызмет иесі

Уезд- 18-20 ғасырлардың бас кезіндегі Ресей империясының әкімшілік-аумақтық бірлігі.

Қосшы одағы-Түркістан АКСР-інде ауыл қыстақ кедей шаруаларынан құрлған бұқаралқ ұйым

Коммунизм-(лат communis-«ортақ»)- деген мағынаны білдіреді.

Партия- Партия сөзі мағынасы бұл ортақ мүдделері, ойлары бар адамдар тобы


Ағартушылық- қоғамдқ саяси ағым. Оның өкілдері ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылыми таным-білім негіздерін халыққа тарату

НКВД- Кеңес одағндағы 1937-1946 жылдардағы қылмыстық істер мен қоғамдық нстер мен қоғамдық тыныштықты бұзушылықпен айналысатын Мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін КСРО мемлекеттік атқару орталық органы

Тәжірбиелік бөлім


2). Тәңірберген Отарбаев 1917жылға дейін өз ауылында бала оқыта бастайды.1917-1920 жылдар аралығында уездік халық ағарту орындарында жұмыс істеп, ауылды советтендіру, Бержар мен Бадам бойында, Шымкент төңірегіндегі ірі елді мекендерде жаңа мектептер ашып халықты сауаттандыру жолындағы күрестің алдыңғы шебінде болды. 1920 жылы коммунистік партияға кіріп, 1923 жылға дейін Шымкентте мектеп меңгерушісі, балалар үйінің директоры болып қызмет атқарған кезінде шығармашылық еңбекке мейлінше ден қойып, өнімді еңбек етеді. Тәңірберген Отарбаев жазған өлең, әңгіме, очерктерді сол уақыттағы ел тынысын танытатын тарихи құжат десе де болады. (1)1920-1928 жылдары Шымкент қаласында тұңғыш жеті жылдық қазақ мектебінде қазіргі Қ.Сыпатаев атындағы №7 техникалық лицей мектебінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне сабақ берген. Тәңірберген Отарбаев 1920-1923 жылдары уездік Қосшы Одағы комитетінің уәкілі болып көптеген болыстарда батырақтар одағын құрып, партия ұяларын ұйымдастыруға мықты көмек көрсеткен. (3)Тәңірберген Отарбаевтің 1920-1925 жылдары Түркістан Совет республикасы кезінде Ташкенттен шығатын «Шолпан», «Сана», «Терме», журналдары мен «Ақжол» газетінде өлең-жырлары жиі басылатын. Шығармаларының негізгі тақырыбы тап күресі, әйел теңдігі, жаңа заманда қол жете бастаған бостандық пен теңдік болған. Көп өлеңдерін жастар жаттап алып, келесі жиындарда айтып жүрген екен.

Тәңірберген Отарбаевқа сипаттама



Ұзақ жылдар халық ағарту жүйесінде, партия, совет жұмысында болған арыстық Мелдебек Досқараевтың «Қосшылар одағының жиналыстарында Тәңірберген Отарбаевтың тап күресі жайлы жазылған өлеңдерін жатқа айтушы едік деген сөздері,

Қазақ халқынан осындай нар тұлғалы азаматтың шыққаны мені сөзсіз қуантырады.(4) Тәңірберген Отарбаевтың ұстаздық жолында аса жемісті еңбек еткен шағы 1923-1928 жылдардың арасы болды.Бұл кезде ол Шымкент қаласында ашылған тұңғыш жеті жылдық қазақ мектебінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен дәріс оқыды .1928 жылы Ташкент рабфагіне оқушылар даярлайтын екі жылдық курста қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беруге шақырылады.Ұстаздық жұмысын жалғастыра жүріп,Ташкенттегі педагогикалық институтты 1930 жылы бітірірген Студенттік куәлік.



Сурет2.

Куәлік



Сурет 3.

Бұдан кейін қаладағы арнаулы орта және жоғарға дәрежелі оқу орындарында өз мамандығы бойынша дәріс береді.Тәңірберген Отарбаев Ташкентте Сәкен Сейфуллин,Мұхтар Әуезовпен танысады.Әсіресе С.Сейфуллин жақын досы болады. 1934 жылы Тәңірберген Отарбаев Ташкенттен Сарағашқа ауысып,осындағы Қапланбек зоотехникалық –мал дәрігерлік техникумында ұстаздық етеді.(5) 1935 жылы Қазақстанның 15 жылдығына орай Ташкент маңында тұратын ақын-жазушылар шығармаларынан «Социалды шашу» жинағын құрастырып бастырады.Осы кітапта өзінің «Мырзаби оқиғасы» атты тарихи әңгімесі де бар еді.Өкінішке қарай,Тәңірберген Отарбаевтің бар шығармалары сақталмаған. Бұл оңтүстік қазақтарының қоқан езгісіне қарсы күресін шыншылдық тұрғыдан баяндаған тұңғыш көркем шығарма.Көп уақыт өтпей Ташкентке қайта оралып ,1938 жылыдың мамырына дейін орта Азия ауылшаруашылық рабффагінде дәріс оқыды.

Нәтижелер мен талдау бөлімі

3) Тәңірберген Отарбаев туралы айтқанда, алдымен, оның азаматтығы, ұстаздық ұлы тұлғасы елестейді «Ұстаз шәкірттерімен ұлы» демеуші ме еді. Өзі ағартушы, ақын болғанымен оны осынау биіктерге көтерген ұстаздығы, шәкірттері десек қателесе қоймаспыз. Соның бірі Бауыржан Момышұлы Тәңірбергендей ұстазын өмір бойы ұлық тұтып өткен. Өзінің «Ұшқан ұяға адал болайық» деген естелігінде батыр ағамыз ұстазы жайлы былай деп толғанады «Есімде қалған үлкен ұстаздарымның бірі – Тәңірберген Отарбаев. Медресе бітірген, басына ақ сәлде орап, дамулла молда болу орнына мұғалім болып кеткен. Арабша өз алдына, қазақ әдебиетінен жақсы білетін, бізге ол кісі қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Ұзын бойлы, келбетті келген, сабырлы, өте ақылды ақын адам еді. Ол кісі сабақ бергенде біз рахаттанып тыңдаушы едік. Қазір жасым жетпіске келгенде байқасам, ол кісі шынында әдебиет зерттеушісі екен, шынында ғалым еді деп сипаттап жазған.

Өзі бізге ... классикалық әдебиеттегі насихаттанушы еді. Ол кісінің тағы бір әдеті сабаққа домбырасын әкелетін. Абайдың, Сұлтанмахмұттың, халық жырауларының өлеңдерін жатқа білетін. Домбыраны жақсы, асықпай тартушы еді. Ол кісіде әншілік, музыкалық орындаушылық және дұрыс талдап, түсіндірушілік ғажап еді. Ол шынында ғалым еді деп айтқан болатын. (2) Тәңірберген Отарбаевтың өз ісіне жан-тәнімен берілген мұғалім ғана емес, көркем әдебиеттің зерттеушісі әрі ақын болған.. Ал Бауыржан Момышұлы ағамыздың естелігіне қарасақ, сол жылдары Абайдың аудармадағы шеберлігіне алғашқылардың бірі боп ғылыми пікір айтқан Тәңірберген Отарбаев екеніне еш күмән қалмайды. Демек ол Абайтанушы да болған. Осыдан кейін батырдың қадыр тұтқан ұстазы жайында қалай көп білуге ынтықпайсыз. Өнегелі ұстаз Отарбаевтың қиын да қилы тағдыр туралы осыдан біраз бұрын "Оңтүстік Қазақстан" газетіне жазушы-ғалым Мамытбек Қалдыбайдың "Ұстаз" очеркі, журнал-зерттеуші Жанәлі Ырсымбетовтың "Ақын, ағартушы" мақаласы жарық көрген болатын. Тәңірберген Отарбаевтың білікті, білімді ұстаз болғанын шәкірттеріне қарап білесіз. Олар қатарында Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тәжібаев, Қажым Жұмалиев, Асқар Тоқмағамбетов, Әбділда Тәжібаев, Әзімбек Ысмайлов. Бірі – батыр, бірі – ақын, бірі – жазушы, бірі – ғалым, бірі қайраткер. Алдыңғысы әлемге танылған кейінгілері Одаққа, елге әйгілі жандар. Бұлардан басқа ұстазының жолын жалғастырған, Отанға адал еңбек сіңірген қарапайым ізбасарлары қаншама.

Бірақ бір өкініштісі 1938 жылдың 12 мамырында НКВД-ның жендеттері ұстап, бұрынғы мәселелерді қайта қозғап, "халық жауы" атап, сот үкімімен 5 жылға бас бостандығынан айырды. Бұл бір аласапыран кезең еді. Жазықсыз қаншама адамдар жалаға ұшырап «Халық жауы» деген қара таңбаның құрбаны болды. Бұл бір аласапыран адамдар өз көлеңкесінен қорқатын кезең еді. Бүгін бар, ертең жоқ боп жатқан уақыт болатын. Жазықсыз адамдарға «халық жауы» деген қара таңба басылып, қиянат өктемдік құрған жендет шақта Тәңірберген Отарбаевқа да қанды шеңгелін салған болатын. Қараңғы халқының зердесін сәуле түсіріп, рухани дүниесін жақсылық нұрымен жиһаздауға бүкіл өмірін сарт еткен ардақты азамат, қарымды қаламгер сол шеңгелден құтыла алмай жала жабылады. (6) 2001 жылы 31 мамырда Ресейдің құрамындағы Коми АССР-нің мұрағатынан жіберілген №14/596 құжатында мынандай сөздер жазылыпты. "Бұл анықтама Тәңірберген Отарбаевтың СССР НКВД жанындағы аса маңызды кеңестің 1940 жылы 10 қыркүйектегі Советтерге қарсы ұлтшылдық ұйымдарға қатысқаны үшін 5 жылға бас бостандығынан айырған шешімі негізінде келісімді мерзімін өтеуде болғанын растайды. Бас бостандығынан айыру уақыты 1938 жылдың 12 мамырынан бастап есепке алынған. 1940 жылдың 22 желтоқсанынан бастап Коми АССР-і, Ухта қаласындағы НКВД-ның "Ухтижемлагте" отырды.. Тағы бір құжатта Тәңірберген Отарбаевтың жүрек ауруынан бақилық болғаны жазылған екен. Тәңірберген Отарбаев түрмеде кезінде көптеген өлеңдер жазған. Ал сия үшін түрмедегі қандаланың қанын пайдаланыпты деген

деректер де бар.Түрмеде жүріп 1945 жылы Коми АССР-і,Ухта деген поселкеде сүзектен қайтыс болғанын хабарлайды.Елі жерінен жырақта болған ,ажалы шын мәнінде неден болғаны бір Құдайға ғана аян.Оған Тәңірберген Отарбаевтің түрмеде жазған хаттары толық куә бола алады. Тәңірберген Отарбаевтің өз өлеңінен:

Қарасаң қалпы жаман замананың,
Біреуді біреу арбап,азғырып жүр.
Біреудің қарны тоқ,қара басы,
Қайда ауса,сонда кетіп қаңғырып жүр.
Кейбіреу өтірік айтып,өсек тасып,
Жалғанға жанын сатып,сендіріп жүр.
Көнбеске көмескі өмір көндіріп жүр.

Деуі оның зар заман қалпын,ешкімді аямай жазбай танығанын аңғартатын секілді.

Ал бір деректерде 1957 жылы 9 қыркүйекте Өзбек ССР прокуратурасы Тәңірберген Отарбаевтың ісін қайта қарап, ақталуына байланысты ісін өндірістен алып тастайды. Өкініштісі сол, Отарбаев айдаудан босауына екі ай қалғанда өмірден озған деп айтылады. Қазақтың кең маңдайына солай тағы бір ақыл-ой иесі сыймай қапыда кетті.

Қайғыдан ғаріп жаным пара-пара,
Сұм тағдыр жазылмайтын салды жара.
Айырылып ел-жұртымнан қалдым жалғыз,
Өлеңім – жан серігім жалғыз ғана.

Бұл Тәңірберген Отарбаевтың түрменің қапасында, айдаудың азабында жүріп жазғаны. Осы бір шумақтан оның сол азапты күндері жан тебіренерлік талай өлеңдер жазғаны байқалады. Амал қанша, елге солардың бәрі түгел жеткен жоқ. Үшбу хатпен келген аз ғана өлеңдерін үлкен қызы Яһуда көзінің қарашығындай сақтапты. Сондай сирек келетін хаттарының бірінде ол: "Дүниеден өмір бітіп өтсем де өзім, аралап жердің жүзін жүрер сөзім" деп жазыпты. Бұл өз қаламының қуатына сенетіндердің сөзі. Ол онда өмір үшін күресті. Сол үшін жанымен жыр жазды. Кесімді уақытын бітіріп, елге есен-сау оралса, сол туындыларының жарыққа шығарына да кәміл сенді. Келешек ұрпақтардың жырларына сусындап, өлеңдерін жатқа айтатынына да күмәні болмаған. Әттең асыл жанның өмірі қысқа болды. Ойы жеткенге өмірі жетпеді. Ал біздегі аз ғана мұрасының құнды дүниелер екенінде дау жоқ.

Тәңірберген Отарбаевтің жазған шығармалар аз болмаған.Оның Күнделікті баспасөз бен әдеби басылымдар бетінде жарияланғандарының да бүгіндері архив қазынасына айналған жағдайы бар. «Тұрымтай тұсымен,балапан басымен» болған заманда қол-жазбалары салынған сандықтың өкінішке орай қайда қалғаны мен кімнің қолында кеткені де белгісіз.Әрине бұдан Тәңірберген Отарбаевтің іздегенімен табылмайды деген ұғым тумайды.Өткен жылы Тәңірберген Отарбаевтің өмірі мен қолда бар шығармалары толық жинақтаған белгілі ақын Н.Сүлейменовтің«Ұстаз» атты зерттеу кітабы тұңғыш рет «Қасиет» баспасынан жарық көрді(7)

Қорытынды бөлім:

«Аққа қара жақ»кезінде шаш ал десе,бас алатын жағдайлардың жалалы уысына түсіп,мезгілінен ерте мерт болған абзал азамат бүгінде жан жолдастарымен бірге қара күйеден аршыла алынды.Шәкірттері сүйікті ұстазын еске алып,кездесулер ұйымдастырып,естеліктер айтуды ұмытпаған.Халқы үшін еңбек етіп,не бір бұралаң жол мен тайғақ кешуден өткен, жас ұрпақты тәрбиелеуге, замандастарының рухани дүниесін байытып,ұлттық мақтаныш сезімін оятуға білімімен де,өлең-жырларымен үлес қосқан ардақты ұстаз болған кісі.Мен де осындай нар тұлғалы азаматың ұмытылмауы үшін өз тақырыбымды Тәңірберген Отарбаевтай азаматқа арнадым. Осы жұмысымда ең қуантар жағдайлардың бірі Тәңірберген Отарбаевтің екінші қызы Ұлжан Отарбаева Редакцияға берген сұхбатында әкесінің есімін Шымкент қаласындағы жаңа көшеге берілгені жайлы айтқан ақпараты болды. Енді келешек ұрпақ Тәңірберген Отарбаев есімін мәңгі есінде сақтайтын болады.Менде осы алып отырған жұмысымды жазу барысында, Тәңірберген

Отарбаевтай ұлы тұлғамен танысқан болатынмын. Мен Тәңірберген Отарбаевті зерттеу барысында қазақ еліне тигізген пайдасы өте көп екенін білдім. Менде енді осындай нар тұлғалы азаматтың есімі өшпес үшін қолымнан келгенше, мәңгі сақтау үшін тырысамын.

Тәңірберген Отарбаевқа арналған көше



Сурет 4.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.630 қор, тізім 2, бума 1, №16 іс
- 2.630 қор, тізім 2, №17 іс
- 3.630 қор, тізім 2, бума 1, №12 іс
- 4.630 қор, тізім 2, бума 1, №8 іс
- 5.630 қор, тізім 2, бума 1, №16 іс
- 6.630 қор, тізім 2, бума 1, №8 іс
7. 630 қор, тізім 2, бума 1, №13 іс

Аннотация: Танерберген Отарбаев был поэтом и учителем. Танерберген Отарбаев имеет много работ для казахского народа. с 1917 по 1920 год он работал в окруженных государственных учебных заведениях и внес большой вклад в сельское образование посредством сельского образования открыв новых школы в Берджаре и Бадаме больших населенных пунктах. В 1920-1923 год Выступая в качестве комиссара Коммунистического союза Коммунистической партии, он помогал организовать партийные организации, создав объединение стад во многих населенных пунктах. Член Коммунистической партии. В 1923 году - директор школы-интерната в Шымкенте. Танерберген Отарбаев - не только учитель, который предан своему делу, но также поэт и исследователь художественной литературы. Одной из самых работ Танерберген Отарбаева, который описал борьбу южных казахов с угрозой «Мырзабийских событий». И его стихи часто публиковались в журналах «Шолпан», «Сана», «Терме» и в газете «Акжол». Из его рук воспитывал много великие людей.

Abstrakt: Tanerbergen Otarbayev was a poet and teachers. Tanerbergen Otarbayev has many works for the Kazakh people. From 1917 to 1920 he worked in district state educational institutions and mad a great contribution to rural education through rural education by opening new schools in large settlements in berzhar and Badam. In 1920-1923 acting as commissar of the Communist Union the Communist Party he helped organize party organizations that created herds in many localities. Anemember of the Communist party was the director of a boarding schools in shymkent in 1823. Tanerbergen Otarbayev is not only a teacher who is devoted to his work but also a poet and researcher of art literature. Tanrbergen Otarbayev is the founder of the first Kazakh compilation of the brightest works of the Kazakh state «Myrzabi event» against the fight against the threat of the South Kazakhs. And his does wher ofnen published in the magazines «Sholpan», «Terme» and in the ntwspaper «Akzhol». There were many great people brought up by Tanerbergen Otarbayev.